



ПРЕСС-РЕЛИЗ

Қарағанды қаласында алғашқы McDonald's® мейрамханасының ашылуы!

2021 жылғы 22 қаңтарда сағат 12:00-де Қарағанды қаласы, Бұқар Жырау даңғылы 75/14 мекенжайында орналасқан жаңа McDonald's® мейрамханасының ашылуы өтті. Бұл жоба «Сарыарқа» ӘКК» АҚ қолдауымен жүзеге асырылды.

McDonald's желісінің барлық жаңа стандарттары мен технологияларына сәйкес келетін жаңа мейрамхана 415 м² аумақты алып жатыр. Мейрамхана іші 90 орынға, ал жазғы алаң 76 орынға есептелген. "ALPHABET" концепциясындағы интерьер жылы және жайлы атмосфера сыйлайды. Жарқын және ыңғайлы минималистік дизайн достық және отбасылық кездесулерге арналған. Біздің ең кішкентай қонақтарымыз үшін ойын планшеттері бар арнайы интерактивті үстелдер дайындалған.

Сондай-ақ, McDonald's жаңа мейрамханасында Mccafe бұрышы орналасқан, онда қонақтар 100% арабикадан жасалған хош иісті кофеден ләззат алып, жаңа піскен нан мен дәмді таңғы астың арнайы мәзірінен тамаша үйлесім таба алады.

Барлық McDonald's® мейрамханалары сияқты, мұнда келушілерді жоғары сапалы өнімдер, қонақжай қызметкерлер, жайлы атмосфера, Тегін Wi-Fi күтеді. Электронды қабылдағыштар арқылы қызмет көрсетіп, тапсырыс алатын заманауи жүйелер, сондай-ақ тапсырыстарды қабылдау мен берудің бөлек нүктелері келушілерге жедел қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мейрамхана қонақтары өзіне-өзі қызмет көрсету киоскілерін пайдалану арқылы өз бетінше тапсырыс беріп, банк картасымен төлей алады, ал Table Service қызметі біздің қонақтарға өздері жайғасқан үстелдерінен тікелей тапсырыс алуға мүмкіндік береді, ол аз десеңіз, McDrive сервисі автокөліктен шықпай-ақ тапсырып жасап төлеуге және оны уақытында алуға мүмкіндік береді. Мейрамхана ғимараты халықтың шағын қажеттіліктері бар топтарының талаптарын ескере отырып жасалған. Ол жасыл технологиялар саласындағы McDonald's®-тың алтын стандарттарына толық сәйкес келеді.

Кәсіпорында Қазақстан Республикасының азаматтары үшін 50-ден астам жұмыс орны ашылды. McDonald's® кәсіпорындарының қызметкерлеріне еңбек заңнамасына сәйкес барлық еңбек жағдайлары, бәсекеге қабілетті жалақы, тегін тамақтану және оқыту, корпорация ішінде мансаптық өсу мүмкіндігі, жұмыс пен оқуды біріктіруге мүмкіндік беретін икемді жұмыс кестесі беріледі. McDonald's® халықаралық кадрларды даярлау жүйесі бойынша қызметкерлерге көптеген салаларда өздерін сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда, атап айтқанда, Қарағанды қаласында McDonald's® мейрамханалар желісі жергілікті кадрлардың перспективаларын дамытып қана қоймай, қалалық бюджетке тұрақты салық аударымдарын да жасайды. Осылайша, 2021 жылға қарай мейрамхана қызметінің арқасында 90 млн. теңгеден астам сомаға салық аударымдары жасалмақ. Ал бұл көрсеткіш халықаралық инвесторлар үшін өте жақсы сигнал, себебі біздің мейрамхана бұл аймақта қолайлы бизнес-климаты бар екенін куәландырады.

Қазақстандағы McDonald's® баспасөз қызметі

Қазақстан Республикасы, 050013
Алматы қ. Тимирязев 18 "А" көш.
Кеңсе: +7 727 332 40 20
Email: info@kz.mcd.com

Республика Казахстан, 050013
г. Алматы ул. Тимирязева 18 "А"
Офис: +7 727 332 40 20
Email: info@kz.mcd.com

18 "А" Timiryazev st., Almaty
050013, Republic of Kazakhstan
Office: +7 727 332 40 20
Email: info@kz.mcd.com